Мичурин ауылдық округінің жергілікті
қоғамдастық кеңесі жиналысының
№ 5
ХАТТАМАСЫ

Мичурин ауылы **2025 жыл 10қаңтар**

Жиналысты ауылдық округ әкімі М. Мусалимов ашты

Құрметті жергілікті қоғамдастық мүшелері!

2001 жылғы 23 қаңтардағы №148-II Қазақстан Республикасының "Қазақстан республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" заңын іске асыру мақсатында ауданы мәслихатының шешімімен бекітілген бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларына сәйкес, бүгін өкілдерінің жиналысы өткізіледі. Жиналыс күніне 10 күн қалғанда жергілікті қоғамдастық жиналысын өткізу туралы хабарландырулар ілінді, жергілікті қоғамдастық жиналысының өкілдері хабардар етілді.

Қатысты: Мичурин ауылы жергілікті қоғамдастық мүшелері.

Барлығы 9 адам, барлығы жергілікті қоғамдастық жиындардын өкілдері жиналысты өткізуге жергілікті қоғамдастық мүшелерінің саны жеткілікті.

Жергілікті қоғамдастық жиналысының төрағасы – О.Тюрин

Хатшысы – А.Турегалиева

КҮН ТӘРТІБІ

Шартты бір көзден тікелей жолымен жасасу туралы

Күн тәртібін дауысқа саламын.

«Қолдағандар» - 10адам. Қарсы, қалыс қалғандар жоқ.

Дауыс беру нәтижесінде күн тәртібі бекітілді. Сөз сөйлеймін деушілер болса рұқсат.

Мичурин ауылдық округ әкімі – М.Мусалимов сөз сөйледі:

Қазақстан Республикасының 2024 жылдың 1 шілдедегі №106-8 «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16 бабы 3 тармағы 28 тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алу порталында шарт бір көзден тікелей жолымен жасалсын.

Мичурин ауылдық округі бойынша қар шығару жұмыстарын қазіргі таңда 3 мекемеден баға сұранысын сұратып , ең төменгі әрі сапалы қызмет көрсету талаптары бойынша,сонымен қатар,бюджеттің жергілікті жерде қалуы қарастырылып отыр.Соның бірі «КАБАШЕВ» жеке кәсіпкерлігі,баға сұранысы бойынша ең төменгі әрі сапалы қызметі ұсынылып отыр.

Еріген қар суларын сору бойынша қызметтер ең төменгі 3 мекемеден баға сұранысын сұратып,талаптар бойынша ЖК «АДИ» ұсынылып отыр.

Мичурин ауылдық округіндегі көшелерді жарықтандырудың техникалық қызмет көрсету және тауар сатып алу бойынша ең төменгі әрі сапалы қызметін ұсынып отырған ЖК «Исмагулов.А.К».

Мекемедегі қызметтік автокөлікті жөндеу жұмыстарына ЖК«Алекс Авто» ұсынылып отыр.

Көше жарығын жөндеу Астана көшесі бойынша ЖК «Исмагулов.А.К» баға құны смета бойынша ұсынылып отыр.

Көше жарығын жөндеу Сарайшық көшесі бойынша ЖК «Исмагулов.А.К» баға құны смета бойынша ұсынылып отыр.

Мичурин ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысының шешімі:

Мичурин ауылдық округі бойынша қар шығару жұмыстарын «КАБАШЕВ» жеке кәсіпкерлігімен, Еріген қар суларын сөру бойынша ЖК «АДИ», Мичурин ауылдық округіндегі көшелерді жарықтандырудың техникалық қызмет көрсету және тауар сатып алу бойынша ЖК «Исмагулов.А.К», Мекемедегі қызметтік автокөлікті жөндеу жұмыстарына ЖК«Алекс Авто», Көше жарығын жөндеу Астана көшесі бойынша ЖК «Исмагулов.А.К», Көше жарығын жөндеу Сарайшық көшесі бойынша ЖК «Исмагулов.А.К» келісім шарттар жасасуға қарсылығымыз жоқ.

Жиналыс шешімін дауысқа саламын.

«Қолдағандар» - 10адам. Қарсы, қалыс қалғандар жоқ.

Жиналыс шешімі бірауыздан қабылданды. Олай болса Мичурин ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысын жабық деп жариялаймын.

Төрағасы **О.Тюрин**

Хатшысы **А.Турегалиева**